

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ «ӨРЛЕУ»

СЕРТИФИКАТ

Ирисбекова Кулайша Смайловна

Осы сертификат _____

Настоящим подтверждает, что

(тегі, аты, әкесінің аты / фамилия, имя, отчество)

«Бастауыш білім беру жағдайында 4К моделін жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері»

прошел(ла) курсы повышения квалификации на тему / тақырыбында

08.02-12.02.2021 ж. (40 сағат)

в объеме часов / сағат көлемінде біліктілікті арттыру курстарынан өткенін растайды




қолы/подпись

Л.Искакова

аты-жөні/Ф.И.О.

М.О. / Бастау күні: « 12 » 02 2021 жыл
Қолы / Қолы: _____ года

Тіркеу нөмірі
Регистрационный номер № 0397222

TURKISTAN USTAZY №5, (05) МАМЫР 2024

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІ БОЙЫНША БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ - ЗЕРТТЕУШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН ДАМУҒА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түркістан облысы, Келес ауданы № 52 С.Бегалин атындағы жалпы білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі
Ирисбекова Күлайша Смайловна

Оқыту үдерісінде оқушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс», - деп білім беру жүйесіне жаңа міндеттер қойылған болатын. Осы жүйесінде оқиды. Оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру, әлемдік білім кеңістігіне ену, өмірлік білімін жалғастыру - білім беру процесінің негізі болып табылады. Жаңартылған бағдарламаның мәні - баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Бұл жаңа жүйе бойынша бағдарлама әзірленіп, жаңа оқулықтар қолданысқа түсіп отыр. Бастауышта зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыратын және өмір сүретін әлем туралы жаңа «Жаратылыстану» пәні енгізілді.

«Жаратылыстану» пәнінің мақсаты - бастауыш сынып оқушыларын әрі қарай жаратылыстану ғылымы пәндерін (биология, химия, физика) меңгеруге дайындау, күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғатта) көрген, бақылаған құбылыстары мен үдерістерді түсіндіру, сипаттау үшін алған білімдерін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру.

Жаратылыстану бағытында бастауыш сыныптарда білім беруде әлем жайлы ой-өрістерінің кеңеюіне, жаратылысты тануына ықпал етіп, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білулеріне көмектеседі. Өлі және тірі табиғаттағы өзара байланысты, адам әрекетінің эксперименттер мен бақылаулар жүргізе алады.

«Жаратылыстану» пәні бастауыш мектепке бірнеше себептерге байланысты енгізіліп отыр. Атап айтқанда:

- пән мазмұнындағы деректер мен білімдер жүйесі оқушылардың қоршаған әлем туралы, әртүрлі денелер мен құбылыстар туралы алғашқы білімін қалыптастырады.

- пән оқушының ғылыми-зерттеу дағдысын: сұрақ қою және сол сұраққа жауап табу, зерттеу жоспарын дайындау және болжам жасау, сұрақтарға жауап табу үшін зерттеулер жүргізу; зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді жинақтау, өңдеу және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

- бастауыш сыныпта оқушылар пәнді меңгеру барысында дәстүрлі емес ойлау формаларына үйренеді, ақиқатпен байланысты іс-әрекеттердің жауабын табуға, сұрақтар қоюға дағдыланады, ғылыми-зерттеу тәсілдерін түсініп, ойлауға және бақылауға дағдыланады.

«Жаратылыстану» пәні оқушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқулық «Мен - зерттеушімін», «Өсімдіктер», «Жануарлар», «Адам», «Күш пен қозғалыс», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы», «Жарық» және «Дыбыс» сияқты оқу бөлімдерін қамтиды. Әр жаңа тақырыпты толық меңгеру үшін оқулықтың бас кейіпкерлері Негеш пен Эврика көмектеседі. Негеш пен Эврика оқушыларды ғылым әлеміне бағыттап, болжам жасауға, тәжірибе немесе зерттеу жүргізуге, табиғи құбылыстарды ашуға ынталандырады. Сондай-ақ әр тарау бойынша тапсырмалар жабық тест арқылы нақтыланып, тексеріледі.

«Мен - зерттеушімін» тақырыбын өткен кезде оқушыларды мектеп жылыжайына апарып, топтарға бөліп, әртүрлі бөлме өсімдіктерін зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады. Ал өсімдік бөліктерімен танысқанда тұқым қалай өнетініне шағын тәжірибе жасау арқылы көз жеткізеді. Ол үшін пластикалық стакан, мақта, бірнеше тұқым керек. Стаканның түбіне мақта салып, ол ылғалданатындай аздап су құяды. Сосын мақтаның үстіне тұқымдарды қойып, бетін ауа өтетіндей тесіктері бар қақпақпен жауып, жылы жерге қоюға болады. Бірнеше күн бойы ол тұқымның өнуін бақылап, қорытынды жасалады. Өсімдіктерге күтім жасауды жылыжайда және сыныптағы бөлме өсімдіктеріне күтім жасау арқылы дағдыға айналдырады. «Ғарыш» тақырыбында ғарыш кемесінің орнына шарларды ұшыру арқылы тәжірибе жасалды. «Күш пен қозғалыс» бөлімінде қозғалыс траекториясы деген не? деген сұраққа жауап беру үшін

тағы да тәжірибе жасау арқылы қол жеткіздік. Тәжірибе жасау үшін құм салынған табақша, ойыншық машиналар және металл шарлар қажет. Табақты сәл қисайта орналастырып, «төбешіктен» машинаны итеріп жібереді. Машинаның ізінен қалған сызықты салады. Одан кейін металл шарды «төбешіктен» төмен қарай жібереміз. Оның да ізінен қалған сызықты саламыз. Тәжірибені бірнеше рет қайталап жасағаннан кейін сызықтарды салыстырады. Траектория - дененің қозғалыста болған кезінде жүріп өткен жолы. Машинаның түзу траекториямен, ал шар әртүрлі траекториямен қозғалатынын айтып қорытынды жасалады. Сабақтарда әртүрлі рольдік-сюжетті ойындарды ойнау арқылы да тәжірибе жасауға болады. «Магнит» тақырыбын өткенде тәжірибе жасау арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға болады.

1- топ құмда жоғалған заттарды магнит арқылы табады.

2- топ су құйылған ыдыстағы заттарды қолын суға малмай, ыдысты төңкермей алуға бола ма сұрағына жауап іздеп табады.

3-топ қатты қағаздың арғы жағынан магнитті жылжытады.

4-топ шынының сыртынан тексереді.

Нәтижесінде, оқушылар магниттің қасиетін толық анықтайды.

Жаратылыстану пәнінің артықшылығы: бала тапсырманы өздігінен ізденіп орындауына және дұрыс тұжырым жасауына бағыттайды, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады.

Қытай философы Конфуций айтқан «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең - есте сақтаймын, өзіме жасатсаң - үйренемін» дегендей сабақтарымызда үйренгенін өмірде қолдана алатындай шәкірттеріміз білімді де саналы болуына өз үлесімізді қосамыз деп сенім білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жаратылыстану. 1-сынып. Оқулық. / С.Н.Кузнецова, Ә.Қ.Жамиева, Д.Н.Сапақов, И.Н.Васева,
2. М.Қ.Құсайынова, М.Қ.Тасболатова - Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2016.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 2016 ж 5,8- бет.



Ақпарат комитеті KZ34VPY00067996
ISSN 2791-3341

СЕРТИФИКАТ

Ирисбекова Күлайша Смайловна

«TURKISTAN USTAZY»

Республикалық ғылыми - әдістемелік журналында
*«Жаратылыстану пәні бойынша бастауыш сыныптарда
оқушылардың ғылыми - зерттеушілік дағдыларын дамыту
ерекшеліктері»* атты материалды жариялағанын растайды

№ 1740 (05)

Шымкент, 2024



Б. А. Шастанов, директор



Ақпарат комитеті KZ34VPY00067996
ISSN 2791-3341

АЛҒЫС-ХАТ

Еліміздің болашағы жарқын болып, дамыған
мемлекетке айналуы үшін ел ертеңі өскелең ұрпаққа
тағылымды тәрбие мен озық білім берудегі қажымас
ізденімпаздығы мен шығармашылық еңбегі үшін

Ирисбекова Кулайша Смайловнаға

алғысымызды білдіреміз



Е. А. Тастанов, директор

№ 1741 (05)

Шымкент, 2024